

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

«Психикалық дамудың тежелуі және мектепте
үлгермеушіліктің түйінді мәселелері»ЖАРИЯЛАНДЫ
09.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/31055/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тақырыбы: «Психикалық дамудың тежелуі және мектепте
үлгермеушіліктің түйінді мәселелері»

Мақсаты: Оқушының сабаққа үлгермеу себебін анықтап, түзету
жолдарын ұсыну.

Міндеттеме:

- Мұғалімнен үлгермеуші оқушының үлгермеу себебін анықтау сұранысын қабылдау.
- Үлгермеушімен жеке сұхбат
- Үлгермеушінің бойындағы анықталған жетіспеушілікті негізге алып, сол жетіспеушіліктің себебіне зерттеу жүргізу.
- психологиялық әдіс- тәсілдерді пайдаланып, үлгермеуші оқушының жаңа мүмкіндіктерге жетуіне жол ашу.

Зерттелген: 3-5 сынып

Зерттеу нәтижесі:

- Үлгерімі төмен оқушыға дамыту-түзету жұмыстарын шығармашылық ізденіс арқылы жасау.

Зерттеу болжамы:

- Бала жасына сай сананың қалыптасуына ықпал ету
- «Үлгермеуші оқушының» пайда болуына жауапты тұлғалардың немқұрайлылығын жою.

Зерттеу әдістері:

- Мұғалім сұранысы
- Анықтау жүргізу:
 - а) Үлгермеушімен сұхбат, сұрақ-жауап, сауалнамалар;
 - ә) үлгермеушінің ата-анасымен сұхбат, сұрақ-жауап, сауалнамалар;
 - б) үлгермеушінің сынып жетекшісімен сұхбат;
 - в) үлгермеушінің пән мұғалімдерімен сұхбат;
- Түзету (тест — сауалнама , тренинг-жаттығу, әңгімелесу)
- Психологиялық кеңес және ұсыныстар беру.

Зерттеу кезеңдері:

- Бақылау кезеңі 2015-2016ж
- Түзету-дамыту кезеңдері 2016-2017ж.
- Қорытынды кезеңі 2017-2018ж.

Мұғалімнің педагог - психологқа сұранысы:

Мұғалімнің сұраныс парағы

Педагог-

психологқа:

Кімнен: _____

« ___ » ___ 20__ / 20__ жыл

1. Оқушының аты-жөні: _____

2. Айы, күні, туылған жылы: _____

3. Сыныбы _____

4. Қай жерде дүниеге келген: _____

5. Әкесінің аты-жөні: _____

6. Жұмыс орны: _____

7. Байланыс нөмірі: _____

8. Анасының аты-жөні: _____

9. Жұмыс орны: _____

10. Байланыс нөмірі: _____

11. Тұрғылықты мекен-жайы: _____

12. Әлеуметтік жағдайы: _____

13. Осы мектепке келген жыл: _____

14. Мінезі: _____

15. Қимыл қозғалысы: _____

Жеке психолог кеңеске «___» сынып оқушысы

қабылдауыңызды сұраймын.

1. Себептері

2. Тәртібінің өзгеруі

3. Ересектермен құрбы - құрдастарымен арасындағы қарым-қатынастары, қиыншылықтары:

4. Басқалар

Күні:

Қолы:

Бақылау кезеңінің жоспары

Мақсаты:

Психологиялық даму тұрғыда үлгермеушілік себептерін зерттеу және оқушының психологиялық ерекшеліктерін бақылап, анықтау.

Міндеттері:

-Зерттеуге алынған оқушыларға педагогикалық-психологиялық бақылау жүргізу.

Психологиялық әдіс -тәсілдерді пайдалану арқылы жеке тұлғаның даму мүмкіндігін зерттеу.

Күтілетін нәтиже:

Зерттеуге алынған оқушылардың психологиялық ерекшелігін танып білуге мүмкіндік жасалады.

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі	Мерзімі
1	Бақылауға алынған оқушымен сұхбат	Мәліметтер жинақтау (денсаулық карта)	Уақытылы
2	Оқушылардың үлгермеушілік себебін анықтау: а) Отбасылық - әлеуметтік жағдайы; ә) ата-ананың баламен қарым-қатынасы; б) Сынып жетекшімен үлгермеуші оқушының қарым - қатынасы в) Пән мұғалімі мен үлгермеуші оқушымен байланысы	Сұрақ-жауап сауалнама	Уақытылы

3	Үлгерімі төмен оқушылардың есту арқылы есте сақтауы, көру арқылы есте сақтау, естіп бейнелеу арқылы есте сақтау қабілеттерін зерттеу	Түрлі суреттер арқылы	Уақытылы
4	Үлгерімі төмен оқушының көріп, қайталау арқылы есте сақтауын зерттеу	Суреттер, сұрақ-жауап Түрлі ойындар	Уақытылы
5	Қиялының дамуын зерттеу	Түрлі ойындар Сұрақ-жауап	Уақытылы
6	Зерттеу нәтижесі бойынша диагностикалық карта жасау қажетті жағдайда мамандарға ұсыныс жолдау.	Мінездеме, конселиум	Уақытылы